

2025 жыл үшін MCGPI ғаламдық зейнетақы индексі бойынша ақпараттық анықтама

Дүниежүзілік экономикалық форум қаржылық қауіпсіздік халықтың ғаламдық қартаюына байланысты демографиялық және экономикалық сын-қатерлерді шешуде, сондай-ақ өмір сүру ұзақтығын ұлғайту жағдайында адамдардың тұрақтылығын қолдауда шешуші рөл атқаратынын атап өтті. Форум зейнетақы кезеңінде қаржылық қамтамасыз ету деңгейіне барынша әсер етуі мүмкін үш негізгі бағытты атап өтті: 1) барлығына базалық (кепілдендірілген) зейнетақыны қамтамасыз ету, 2) жақсы басқарылатын және экономикалық тиімді зейнетақы жоспарларының қолжетімділігін арттыру, 3) зейнетақы жарналарының мөлшерін ұлғайтуға бағытталған бастамаларды қолдау.

Mercer институты CFA-мен бірлесіп 2025 жылы әлем халқының 65% құрайтын әлемнің 52 елінің зейнетақы жүйелерін саралады. 2024 жылмен салыстырғанда **Mercer CFA институтының ғаламдық зейнетақы индексіне** (бұдан әрі - Индекс) 4 елдің - Кувейт, Намибия, Оман, Панама зейнетақы жүйелері енді.

Рейтинг	Елдер	Лайықтылық		Тұрақтылық		Тұтастық		Жалпы балл		Бағалау 2025
		2024	2025	2024	2025	2024	2025	2024	2025	
1	Нидерланды	86,3	86,1	81,7	83,5	86,8	86,8	84,8	85,4	A
2	Исландия	82,0	83,0	84,3	85,7	84,4	83,3	83,4	84,0	
3	Дания	84,0	82,9	82,6	85,0	76,3	77,6	81,6	82,3	
4	Сингапур	79,8	79,4	74,3	75,5	83,0	90,4	78,7	80,8	
5	Израиль	75,7	75,6	82,6	83,2	84,1	83,6	80,2	80,3	
6	Швеция	75,2	76,8	73,7	76,3	73,6	83,0	74,3	78,2	B+
7	Австралия	68,4	69,0	79,5	81,1	86,1	86,4	76,7	77,6	
8	Финляндия	77,0	77,4	64,2	65,6	90,8	90,6	75,9	76,6	
9	Чили	71,2	71,9	70,9	74,9	86,5	86,6	74,9	76,6	
10	Норвегия	77,2	77,8	63,6	65,2	88,3	88,4	75,2	76,0	B
11	Швейцария	66,0	66,3	71,4	72,9	80,4	81,6	71,5	72,4	
12	Ұлыбритания	75,7	75,9	61,5	63,2	79,3	79,0	71,6	72,2	
13	Кувейт		86,6		65,4		57,6		71,9	
14	Уругвай	84,0	83,8	46,6	53,1	76,1	75,8	68,9	71,1	
15	Гонконг	51,5	66,6	61,1	62,0	87,5	89,2	63,9	70,6	
16	Жаңа Зеландия	64,8	65,2	64,9	68,2	80,2	81,7	68,7	70,4	
17	Канада	67,0	67,2	63,8	67,0	77,1	80,2	68,4	70,4	
18	Франция	84,8	85,2	43,4	48,6	75,7	76,8	68,0	70,3	
19	Мексика	73,8	73,5	63,4	64,1	67,1	69,8	68,5	69,3	
20	Бельгия	81,8	81,5	40,1	42,7	87,4	86,8	68,6	69,2	
21	Хорватия	66,8	66,8	57,4	60,5	81,7	83,2	67,2	68,7	
22	Германия	81,1	81,0	45,8	47,5	75,3	75,0	67,3	67,8	
23	Ирландия	73,6	72,9	52,8	51,6	80,5	81,8	68,1	67,7	
24	Португалия	83,4	83,7	34,6	36,4	85,7	85,4	66,9	67,6	
25	Сауд Арабиясы	61,1	75,0	58,0	54,6	62,9	74,2	60,5	67,6	
26	Қазақстан	45,8	47,0	73,1	74,2	80,4	81,1	64,0	65,0	
27	БАӘ	77,1	79,4	43,3	40,6	75,3	75,5	64,8	64,9	
28	Испания	82,9	83,0	30,7	34,2	77,6	74,4	63,3	63,8	C+
29	Колумбия	63,9	64,3	57,4	55,9	69,5	69,0	63,0	62,5	
30	АҚШ	63,9	64,1	58,4	59,9	57,5	58,0	60,4	61,1	
31	Оман		68,3		44,6		71,7		60,9	

32	Малайзия	44,5	54,0	54,6	55,9	77,4	77,5	56,3	60,6	C	
33	Ботсвана	39,7	54,3	52,0	48,0	85,2	85,0	55,4	59,8		
34	Намибия		59,5		50,8		70,4		59,1		
35	Панама		62,1		52,5		63,8		59,1		
36	Польша	59,2	59,5	45,2	45,9	69,4	68,6	56,8	57,0		
37	Италия	68,2	69,4	25,1	27,9	77,2	77,8	55,4	57,0		
38	Қытай	65,2	61,4	37,8	40,1	69,1	72,3	56,5	56,7		
39	Жапония	57,1	57,1	47,1	48,0	62,1	66,8	54,9	56,3		
40	Бразилия	70,4	70,6	31,0	31,8	67,3	67,3	55,8	56,2		
41	Перу	55,3	55,4	46,9	48,5	64,7	64,8	54,7	55,3		
42	Австрия	67,2	67,5	22,0	24,0	75,2	76,4	53,4	54,5		
43	Оңтүстік Корей	40,5	40,1	52,4	53,3	70,5	76,8	52,2	53,9		
44	Вьетнам	56,8	57,1	41,3	38,7	69,3	69,3	54,5	53,7		
45	Тайвань	46,2	41,0	51,9	52,3	68,2	68,5	53,7	51,8		
46	Индонезия	38,1	40,1	50,4	50,3	69,3	69,3	50,2	51,0		
47	ОАР	34,7	38,0	48,0	48,2	75,7	75,7	49,6	51,0		
48	Таиланд	50,2	47,9	43,8	44,8	58,2	63,1	50,0	50,6		
49	Түркия	48,3	49,0	32,2	31,1	70,8	71,1	48,3	48,2		
50	Филиппины	41,7	40,6	63,4	64,4	27,7	33,2	45,8	47,1		
51	Аргентина	61,5	60,8	29,4	31,3	42,3	42,4	45,5	45,9		
52	Үндістан	34,2	34,7	44,9	43,8	58,4	58,4	44,0	43,8		
Орташа мәні		64,7	66,1	54,3	55,3	74,1	74,7	63,4	64,5		D

Mercer CFA институтының ғаламдық зейнетақы индексі **50-ден астам индикаторды** қамтитын «Лайықтылық», «Тұрақтылық» және «Тұтастық» үш суб-индекс негізінде жүйелерді бағалауды жүргізеді. Осы индикаторлар бойынша зейнетақы жүйелеріне толық және жан-жақты бағалау жүргізу ЭЫДҰ, Дүниежүзілік банк, Халықаралық еңбек ұйымы, Economist Group зерттеу және сараптамалық бөлімшесінің және т.б. деректерін қамтитын ашық халықаралық дереккөздерден алынған мәліметтер пайдаланылды.

Көрсетілген суб-индекстер келесі параметрлерді/индикаторларды қамтиды:

- Лайықтылық (40% ықпалмен): төлемдер, мемлекеттік қолдау, өсу активтері, тұрғын үйге иелік ету, жинақтар және зейнетақы жүйесінің дизайны;
- Тұрақтылық (35 % ықпалмен): демография, экономикалық өсім, мемлекеттік қарыз, зейнетақымен қамсыздандыру, мемлекеттік шығыстар мен жиынтық активтер; және
- Тұтастық (25 % ықпалмен): коммуникация, басқару, пайдалану шығыстары, қорғаныс пен реттеу.

Нидерланды ең жоғары жалпы балды иеленді (85,4). Индекстен екінші орын иеленген Исландия 84 балл және «Тұрақтылық» суб-индексі бойынша ең жоғары балды (85,7) алды. Дания 82,3 баллмен үшінші позицияны иеленді. Кувейттің зейнетақы жүйесі 71,9 баллмен «Лайықтылық» суб-индексі бойынша ең жоғары нәтижені көрсетті (86,6). Ал осы уақытта Финляндия жалпы 76,6 баллмен «Тұтастық» суб-индексі бойынша ең жоғары балды алды (90,6) АҚШ 61,1 жалпы баллмен 52 елдің ішінен 30-шы орынға тұрақтады, бұл ретте «Лайықтылық» - 64,1, «Тұрақтылық» - 59,9 балл және «Тұтастық» - 58 балл.

2025 жылы Қазақстанның зейнетақы жүйесі сараптау және бағалау нәтижелері бойынша Индексте 26-шы орынды иеленді және «В» тобына кірді. Қазақстанның MCGPI индексындағы қорытынды бағасы негізінен ХВҚ жариялаған экономиканың өсуі туралы жаңартылған деректерге байланысты 2024 жылғы 64,0 балдан 2025 жылы 65,0 балға дейін өсті.

Қазақстанның қорытынды балы үлес салмағы бойынша өлшенген суб-индекстік бағалардың нәтижелерін жинақтау жолымен қалыптасты:

- «Лайықтылық» суб-индексі бойынша 47,0 балл (2024 жылы – 45,8 балл),
- «Тұрақтылық» суб-индексі бойынша 74,2 балл (2024 жылы – 73,1 балл),
- «Тұтастық» суб-индексі бойынша 81,1 балл (2024 жылы – 80,4 балл).

Қазақстанның ЗЖ үшін MCGPI ұсынымдары ЗЖ дамытудың аталған бағыттары бойынша маңызды өзгерістердің жоқ болуына байланысты алдыңғы 2 жылдағыдай өзгеріссіз қалды.

- ең кедей қарттарды/зейнеткерлерді қолдаудың ең төменгі деңгейін арттыру;
- үй шаруашылығындағыларды зейнетақы жинақтарының деңгейін көтеруге ынталандыру;
- зейнетақы жинақтарына қолжетімділікті шектеу жолымен жинақтардың мерзімінен бұрын алынуын қысқарту;
- өмір сүру ұзақтығы ұлғайған сайын егде жастағы адамдардың жұмыс күшіне қатысу деңгейінің артуы;
- зейнетақы жүйесіне қатысушылардың жылдық үзінді көшірмелерінде болжамды зейнетақы төлемдерін көрсету бойынша талаптарды енгізу.

MCGPI есебінде белгіленген инвестициялық қызметтің маңызды аспектілері

Дүниежүзіндегі үкіметтер көптеген ондаған жылдар бойы жеке зейнетақы қорларының инвестицияларын реттеп, шектеп немесе басқаша ықпал етіп келеді. 2022 жылы ЭЫДҰ «тек біршама елдерде ғана активтердің жекелеген топтарына инвестициялардың үлесі бойынша нақты шектеулер белгіленбейді, алайда зейнетақы ұйымдарынан парасатты адам қағидатына сәйкес инвестициялау күтілуде» деп атап өтті. Басқаша айтқанда, үкіметтердің көпшілігі жеке зейнетақы қорлары иелене алатын активтерге белгілі бір шектеулер қояды.

Дүниежүзі бойынша үкіметтер қолданатын реттеудің екі негізгі түрі бар.

Инвестициялық реттеудің бірінші түрі - зейнетақы қорларының инвестициялары ЕО 2003/41 және 2016/2341 директиваларында қарастырылған «парасатты инвестор» (prudent person approach) қағидасы сияқты жалпы негіздемелік тәсілге сәйкес келуін талап ету. Көбінесе заң нормалары басқа біреудің активтерін басқаратын адамдардан өз қаражатын басқарғандай дағдымен және сақтықпен әрекет етуін талап етеді. Бұл тәсілдің мақсаты – нақты нәтижеге кепілдік бермей, ақылға қонымды ұқыптылық пен сақтықпен шешім қабылдауды қамтамасыз ету. Осы жалпы тәсілді қолдайтын реттеу немесе заңнама, әдетте, нақты шектеулерді емес, зейнетақы қорларының басқарушылары басшылыққа алатын қағидаттарды белгілейді.

Реттеудің екінші түрі әлдеқайда толық болып табылады және белгілі бір активтер тобына инвестициялауға немесе ішкі және шетелдік инвестициялар арасындағы қатынасқа лимиттер немесе шектеулерді қоюды қамтиды. ЭЫДҰ атап өткендей, көптеген елдер активтердің кем дегенде бір тобына лимит белгілейді. 2025 жылғы Индекске енгізілген 52 зейнетақы жүйесінің тек 12-сінде жұмыс беруші-демеушіге және онымен байланысты тараптарға инвестицияларды шектейтін активтердің әдеттегі ішкі лимиттерінен басқа нақты шектеулер болған жоқ. Шектеусіз зейнетақы жүйелері, әдетте, 2025 жылғы Индекс рейтингінде үздік нәтижелерді көрсетті: осындай 12 жүйенің 9-ы үздік 12 ЗЖ қатарына кірді.

Егер Индекске енгізілген елдерді жан басына шаққандағы ЖІӨ бойынша қарастыратын болсақ, капитал нарықтары жақсы дамыған және жеке зейнетақы жүйелері тұрақтанған дамыған экономикалардың инвестицияларға шектеулері аз болатынын байқауға болады. Бұл нәтиже осы жүйелердегі қаржылық тұрақтылықты қатаң қадағалаумен де байланысты болуы мүмкін.

Басқа шектеулер аса сезімтал. Мысалы, ескерілген ЕО директивалары көбіне активтердің реттелетін нарықтарға инвестициялануын талап етеді, бұл реттелетін нарықтардан тыс инвестициялау лимиттеріне әкеледі: Франция, Италия және Испанияда 30% және Португалияда 15%.

АҚШ-тың шетелдік активтерді бақылау басқармасы (US Office of Foreign Assets Control) әртүрлі елдерге қатысты экономикалық және сауда санкцияларының тізімін қолдайды. Бұл санкциялар америкалық зейнетақы қорларының, сондай-ақ америкалық трансұлттық корпорациялар басқаратын қорлардың осы елдерге инвестицияларын шектейді. Көптеген басқа мемлекеттерде «рұқсат етілген» елдердің ұқсас тізімдері бар.

Сонымен қатар, бірқатар қосымша шектеулер зейнетақы қорларының инвестицияларына әсер етеді.

Чилиде, Колумбияда және Перуде зейнетақы қорлары (AFP) қорлардың шектеулі санын ұсынуға міндетті, оларда акциялар мен басқа активтерге арналған шектер қордың инвестициялық профилінің қатысушының жасына қарай консервативті болуына қарай төмендейді.

Уругвайда жинақтау мен төлемдерді бөлетін үш бөлек қосалқы қор жұмыс істейді, мұнымен бірге зейнетақы қоры валюталық және кредиттік тәуекелдер бойынша ең қатаң шектеулерге бағынады.

Мексикада зейнетақы қорлары активтерінің көпшілігі өмірлік цикл қорларына инвестицияланады, онда акцияларға инвестициялаудың рұқсат етілген деңгейі қатысушының жасына қарай төмендейді.

Канадада зейнетақы қорлары бұрын көптеген корпорациялардың дауыс беретін акцияларының 30%-дан астамын иелене алмады, бұл бастапқыда корпоративтік басқарудағы зейнетақы жоспарларының белсенді рөлін шектеуге бағытталған. 2024 жылдың соңында Канада үкіметі канадалық зейнетақы қорларының ұлттық компанияларға қомақты инвестицияларын жеңілдету үшін осы қағиданы алып тастау ниетін жариялады.

Қазақстан бақылаудың мүлде басқа түрін қолданады: қаржы құралдары зейнетақы қоры оларды сатып алмас бұрын мақұлдауды талап етеді.

2025 жылғы Индекске енгізілген 52 зейнетақы жүйесінің 41 зейнетақы жүйесінде қолданылатын шектеу жұмыс берушінің компанияларына және онымен байланысты ұйымдарға жеке зейнетақы қоры инвестицияларының үлесіне лимитті көздейді. Мұндай лимиттердің көпшілігі қор активтерінің 5% немесе 10%-ын құрайды және қатысушының жинақталған зейнетақы төлемдері құнының жұмыс берушінің қаржылық жағдайынан тәуелсіздігін қамтамасыз ету мақсатын көздейді.

Үкіметтер зейнетақы қорларының инвестицияларына екі негізгі себеп бойынша: азаматтардың зейнетақы жинақтарын қорғау және ұлттық қаржы нарықтарын дамыту үшін шектеулер енгізеді. Бірінші мақсат - зейнетақы жүйесінің сенімділігін және қатысушылардың қаражатының сақталуын қамтамасыз ету. Шамадан тыс тәуекелдерді болдырмау үшін активтерді әртараптандыруға, тәуекелдерді басқаруға, «қауіпсіз» инвестициялардың үлесіне қойылатын талаптар (мысалы, мемлекеттік облигацияларға), «тәуекел» активтерге және бір компанияға салуларға шектеулер, сондай-ақ өтімді емес және балама салымдарға лимиттер белгіленеді. Сонымен қатар, қорлардың төлем қабілеттілігіне қойылатын талаптар қолданылады. Алайда, шамадан тыс шектеулер кірісті төмендетуі, әртараптандыруға кедергі келтіруі және нарықтың бұрмалануын тудыруы мүмкін. Екінші себеп ішкі қаржы нарықтарын дамытуды қолдаумен байланысты. Зейнетақы жүйесінің қалыптасуының алғашқы кезеңдерінде шектеулер жергілікті капитал нарығын нығайтуға, инфрақұрылымды және активтерді басқару дағдыларын дамытуға ықпал етуі мүмкін. Мұнымен бірге, олар экономикаға қаражат тарту, мемлекеттік бюджетті қаржыландыру, тұрғын үймен қамтамасыз ету сияқты әлеуметтік мәселелерді шешу немесе экологиялық қиындықтар мен ESG-факторларына әрекет ету үшін пайдаланылуы мүмкін. **Сонымен қатар, мұндай шаралар көбінесе қысқа және ұзақ мерзімді перспективада зейнетақы қорларының инвестициялық кірістілігін төмендетеді.**

Мемлекеттік шешімдер мен саясат олардың тікелей мақсаты болмаса да зейнетақы қорларының инвестициялық қызметіне жанама әсер етеді. Көптеген елдер азаматтардың өздері тәуекелге баратын белгіленген жарналары бар зейнетақы жүйелеріне (DC) көшіп жатқандықтан, үкімет әрекеттерінің азаматтардың зейнетақы жинақтарына ықпалын түсінуі маңызды. Жанама ықпал әртүрлі жолдармен көрінуі мүмкін. Мысалы, міндетті жинақтаушы зейнетақыларды енгізу инфрақұрылым мен жеке нарықтарды қоса алғанда, активтердің кең ауқымына инвестицияларды ынталандырады. Инвестициялық шешімдер қабылдау кезінде ESG факторларын ескеруге рұқсат беру қор стратегиясына әсер етеді. Мексика мен Ұлыбританиядағы сияқты комиссиялық шектеулер қымбат баламалы инвестициялардың тартымдылығын төмендетеді. Салықтар, зейнетақыны сақтандыру жүйелеріне қатысқаны үшін алымдар (АҚШ пен Ұлыбританиядағыдай), активтерге салық салудағы айырмашылықтар, міндеттемелерді

қамтамасыз ету және валюталық хеджирлеу талаптары портфель құрылымы мен кірістілігін өзгертуге қабілетті.

Соңғы уақытта үкіметтер зейнетақы қорларының экономикадағы рөлін және олардың қоғамның ұзақ мерзімді әл ауқатына қосқан үлесін белсенді түрде талқылауда. Соңғы бастамалардың мысалдары: 2025 жылдың маусымында Ұлыбритания қорларды қаражаттың 5%-ын ұлттық жеке нарықтарға инвестициялауға міндеттейтін заң қабылдады; Канадада 2024 жылы зейнетақы қорларының инфрақұрылымға, жасанды интеллектке және венчурлық капиталға инвестицияларын, соның ішінде муниципалды компаниялардағы үлесті ұлғайту мүмкіндігін кеңейту шараларын әзірлеу тапсырылды; Австралияда үкімет тиімділік сынақтары тұрғын үй сияқты ұлттық басымдықтарға инвестицияларға кедергі келтірмеуге тырысады; Малайзияда премьер-министр Employees Provident Fund компаниясын стратегиялық инфрақұрылымға назар аудара отырып, отандық инвестициялардың үлесін 70%-ға дейін арттыруға шақырды.

Сонымен қатар, әлемде ақпаратты ашуды кеңейту және ESG принциптерін енгізу туралы пікірталастар жалғасуда, бұл жаңа реттеулерге әкелуі мүмкін. Мысалы, Швеция қорларды экологиялық қауіпсіз жобаларға инвестициялауға ынталандыру жолдарын қарастыруда, ал Жапония Мемлекеттік зейнетақы инвестициялық қоры (GPIF) арқылы ESG және әлеуметтік әсерді ескере отырып инвестицияларды ілгерілетуде. АҚШ-та ESG факторларын есепке алу қағидаларында да өзгерістер бар. Бұл ретте Нидерландыда парламент көпшілік дауыспен инвестициялаудың идеологиялық немесе белсенді стратегияларын іске асырудан гөрі, қатысушылардың зейнетақыларының қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету қорлардың негізгі басымдығы болып қалуға тиіс деп шешті.

Зейнетақы қорлары қатысушылардың мүдделері және қоғам мен мемлекеттің ұзақ мерзімді қажеттіліктері арасындағы тепе-теңдікті сақтау қажеттілігіне тап болады. Олардың басты міндеті — қатысушылардың зейнетақы қауіпсіздігін қамтамасыз ету, бұл ұзақ мерзімді тәуекелдер мен инвестициялардың кірістілігін ескеруді талап етеді. Дүниежүзілік Банк қорлар бір уақытта зейнетақы қауіпсіздігін қамтамасыз ете алатынын және дұрыс инвестициялық құрылымдармен және табыстың тұрақты өсуіне бағытталған ұлттық дамуды қолдай алатынын атап өтті.

Канада, Италия және Гонконг сияқты бірқатар елдерде қорлар мен олардың басқарушылары зейнетақы жинақтарының сақталуы мен өсуіне назар аудара отырып, қатысушылардың мүддесі үшін әрекет етуге міндетті. Кейбір елдер қорлардың инвестициялары ұлттық экономиканы қолдауға назарын аударуда. Финляндияда стартаптар мен экономиканы дамытуға инвестициялау талқыланады, Израильде — ел ішіндегі инвестициялар мәселесі, Оңтүстік Африкада қорлар қоғамның экономикалық дамуы мен трансформациясында шешуші рөл атқарады. Ұлыбританияда инвестициялық шешімдер экономикаға әсерін қаншалықты ескеруі керек екендігі қарастырылады.

Қатысушылардың мүдделері мен экономиканың қажеттіліктері арасындағы тепе-теңдік қатысушылардың жасына және басымдықтарына, сондай-ақ дағдарыс немесе соғыс кезіндегі өзгеретін мемлекеттік міндеттерге байланысты. Дегенмен, қорларға қатысушылардың мүдделерін бір уақытта қорғауға және ұлттық мүдделерді ескеруге мүмкіндік беретін принциптер бар.

МСGPI зейнетақы қорына қатысушылардың мүдделері мен ұлттық мүдделер арасындағы тепе теңдікті құру үшін келесі қағидаттарды басшылыққа алуды ұсынады

1-қағидат. Зейнетақы басымдылығы

Зейнетақы қорының негізгі мақсаты – қатысушыларды зейнетке шыққаннан кейін олар лайықты қарттыққа сенімді болатындай табыспен қамтамасыз ету екенін мойындау қажет. Бұл қағидат барлық инвестициялық шешімдерді қабылдау кезінде басты басымдыққа ие болуы керек. Алайда, бұл инвестициялық тәсіл тым консервативті болуы керек дегенді білдірмейді. ЭЫДҰ «елдер инвестициялық нормалардың акцияларға салымдарын тәуекел есебімен кірістілікті төмендететіндей шектемеуін бақылау тиіс» деп атап өтуде.

2-қағидат. Сенімгерлік басқарудың адалдығы

Зейнетақы қорларын басқаруға жауапты адамдар өздерінің басты міндеті қор қатысушыларының мүддесі үшін әрекет ету екенін түсінуі керек. Бұл барлық шешімдер осы адамдардың мүдделері негізінде қабылдануы керек дегенді білдіреді. «Ең жақсы мүдделер» ұғымы тікелей қаржылық пайдадан тыс жанама әсерлерді қамтуы мүмкін. Сонымен қатар, бұл қағидатты қолдану тепе-теңдікті қажет етеді, өйткені қатысушылардың жеке жағдайлары айтарлықтай ерекшеленеді.

3-қағидат. Сенімді басқару

Зейнетақы заңнамасы барлық зейнетақы қорларының басқарушы органдарын тұрақты ұзақ мерзімді инвестициялар қағидаттарына негізделген инвестициялық саясатты әзірлеуге міндеттеуге тиіс. Мұндай саясат әртараптандыруды әр түрлі нысандарда, кірістілік пен тәуекелдің ұзақ шегіндегі арақатынасын, өтімділік мәселелерін ескеріп, қатысушылар мен реттеушілер үшін толық ашықтықты қамтамасыз етуі керек. Бұдан басқа, тиісті саясаттар мен регламенттермен инвестициялық басқарудың сенімді рәсімдері енгізілуі тиіс. Дүниежүзілік Банк атап өткендей, «зейнетақы қорларын басқаруды жақсарту - олардың сенімділігін, әртараптандырылуын және кірістілігін арттырудың кілті».

4-қағидат. Нарыққа толық қолжетімділік

Зейнетақы қорлары қолжетімді мүмкіндіктер елдің экономикалық даму деңгейіне байланысты болуы мүмкін екенін түсіне отырып, олардың мөлшері мен күрделілігіне (жария және жеке нарықтарды қоса алғанда) сәйкес келетін барлық қолжетімді инвестициялық мүмкіндіктерді ескеруі керек. Бұл ретте қорлар инвестициялау кезеңіндегі әрбір инвестицияның күтілетін кірістілігін және ықтимал тәуекелдерін бағалауға тиіс. Мысалы, қысқа мерзімді мемлекеттік облигацияларға салынған инвестициялар жаңартылатын энергетикалық стартапқа салынған инвестициялармен салыстырғанда мүлдем басқа тәуекел мен кірістілік профиліне ие. Бір инвестиция екіншісінен міндетті түрде жақсы емес — әрқайсысы өзінің жеке қасиеттерімен және жалпы инвестициялық принциптерге сәйкес әртараптандырылған инвестициялық стратегияның бөлігі ретінде қарастырылуы керек.

5-қағидат. Міндеттемелер емес, стимулдар

5-қағидат үкіметтің зейнетақы қорларын ұлттық басымдықтарға сәйкес инвестициялауға немесе экономикалық өсуге ықпал етуге ұмтылуына қатысты. Бұл міндетті түрде алдыңғы төрт қағидатқа қайшы келмейді. Мұндай инвестициялардың негізгі критерийлері — олар әр қордың әр түрлі ақша ағындары және оның қатысушыларының әр түрлі мүдделері бар екенін ескере отырып, қатысушылардың мүдделеріне сай болуы керек. Белгілі бір активтер тобына инвестициялардың минималды деңгейін талап ету сияқты нақты стратегияларды енгізудің орнына, үкімет тікелей субсидиялар, салықтық жеңілдіктер, қаржылық ынталандырулар немесе мемлекеттік-жекеменшік серіктестіктер арқылы жеке инвестицияларды қорлар үшін тартымды ете алады. Канадада атап өткендей, «стратегиялық активтер тобына жеңілдетілген қол жетімділік арқылы ішкі инвестицияларға кедергілерді төмендететін мемлекеттік бастамалар канадалық зейнетақы қорларының капиталын ұстап қана қоймайды, сонымен қатар шетелдік инвесторлардың әлдеқайда үлкен пулынан қосымша капиталды тартады». Мұндай жағдайларда осы мүмкіндіктерді пайдалану немесе пайдаланбау туралы шешімді қатысушылардың мүддесі үшін әрекет ететін қордың қамқоршылары немесе басқарушылары шығаруы керек. Сондай-ақ, үкімет бұл инвестициялардың қорлар үшін тартымды болуының негізгі мақсатын нақты көрсетуі керек және бұл инвестициялар міндетті немесе ынталандырылатын болса, ықтимал күтпеген салдарды ескеруі керек.

6-қағидат. Ортақ масштаб

Зейнетақы қорлары жеке қорлардың өздері жеткілікті ауқымға немесе тәуекелге дайын емес салаларда инвестициялық мүмкіндіктерді кеңейту үшін бір-бірімен және мемлекетпен ынтымақтасуы керек; мысалы, мемлекеттік-жекеменшік серіктестіктер арқылы инфрақұрылымдық жобаларға инвестиция. Бұл қағидат зейнетақы қорлары ірі жобаларға елеулі жеке инвестициялар салу үшін тым кішкентай болса, онда қор қатысушыларының мүддесі үшін қорларды ұжым ретінде бірлесіп инвестициялау және/немесе мемлекеттің зейнетақы қорлары үшін тартымды инвестицияларға айналатын кезеңге дейін «нөлден» жобаларды әзірлеуге қатысуы мүмкін екенін ескереді.

7-қағидат. Шектеу емес, ашықтық

Үкіметтер жеке зейнетақы қорларын инвестициялау үшін тиімділік сынақтарын немесе комиссиялық шектеулерді енгізбеуі керек. Мұндай реттеулер немесе шектеулер қорлардың мүмкіндіктерін амалсыз тарылтады, мысалы, жоғары шығындарға ие болуы мүмкін және/немесе жалпы қабылданған нарықтық стандарттар бойынша бағалау қиынырақ болатын баламалы инвестициялар үшін. Алайда, мұндай инвестициялар ұзақ мерзімді кірістілік әкелуі мүмкін және портфельді әртараптандыруды арттырады. Үкіметтерден нақты инвестицияларды, олардың кірістілігі мен тәуекелдерін жария ету арқылы ашықтықты қамтамасыз етуді талап ету ақылға қонымды тәсіл болып табылады.

8-қағидат. Макроэкономикалық хабардарлық

8-қағидат зейнетақы қорлары активтерінің ұлттық экономикадағы маңызды рөліне, әсіресе олардың көлемі ЖІӨ-нің (мысалы, 50%) едәуір пайызынан асқанда қатысты болады. Мұндай активтердің әсері көптеген экономикаларда ғаламдық қаржылық дағдарыс кезінде де, COVID-19 пандемиясы кезінде де байқалды. Сондықтан үкіметтердің өздерінің фискалдық және әлеуметтік саясаты арасындағы көптеген қатынастарын, олардың зейнетақы қорларының инвестициялық шешімдеріне әсерін және соның барысында қазіргі және болашақ зейнеткерлер үшін салдарын ескеруі өте маңызды.